

Қазақ тілін оқыту бағытындағы кафедраға Сәрсен Аманжолов (1937-1941 жж., 1943-1958жж.), Дәулетияр Әлімжанов (1961-1971жж.), Ғабдолла Қалиев (1958-1961 жж., 1972-1973 жж.), Жамал Болатов (1977-1978 жж.), Фатима Мұсабекова (1979-1988 жж.), Сейілбек Исаев (1988-1989 жж.), Нұржамал Оралбаева (1989-1997 жж.), Фаузия Оразбаева (1997-2014 жж.) Жанат Дәулетбекова (2014-2018 жж), Қалбике Есенова (2018-2020) басшылық жасады.

Қазақ әдебиетін оқыту бағытындағы кафедраға Мұхамеджан Қаратаев (1937 ж.) Қажым Жұмалиев (1938-1951 ж.ж., 1957-1968 ж.ж.), Серік Қирабаев (1969-1989 жж.), Нығмет Ғабдуллин (1990-1997 жж.), Балтабай Әбдіғазизұлы (1997-2008 жж.), Темірхан Тебегенов (2008-2015 жж.) басшылық етті.

Кафедраның 90 жылдан аса тарихында Ахмет Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Сәкен Сейфуллин, Саттар Ерубәев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Хамза Есенжанов, Телжан Шонанов, Сәрсен Аманжолов, Ісмет Кеңесбаев, Ахмеди Ысқақов сынды көрнекті тұлғалармен қатар, Е.Исмайылов, М.Қаратаев, Б. Шалабаев, Ә.Есмәмбетов, Д.Әбілов, Қ.Жармағанбетов, Т.Нұртазин, М.Хасенов, Ш.Кәрібаев, А.Тоқпанов, Т.Әбдірахманов, М.Сәрсекеев, Х. Әдібаев, Р.Рүстембекова, М. Мырзахметов, М.Мағауин, С.Мақпырұлы, Н.Келімбетов, Ө.Тыныбаева, Т.Сыдықов, Ғ.Қалиев, М. Жолдыбаев, Ө.Тұрманжанов Д,Әлімжанов, А.Әбілақов, Н.Оралбаева, Қ.Қасабекова және т.б. белгілі ғалымдар қызмет атқарды. Кафедра қазақ тілі мен әдебиеті ғылымы мен білімінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Нәтижесінде көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері, атақты ақын-жазушылар, әдебиетші, тілші ғалымдар шықты.

2018-2019 оқу жылында қазақ тілі теориясы мен әдістемесі, Серік Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және практикалық тілдер кафедралары біріктіріліп, С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы құрылды.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы университеттің даму стратегиясына сай еңбек етуде. Ұлы Абайдың «Толық адам» концепциясы бойынша онлайн курстар, тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бойынша шағын комплектілі мектептер мен инклюзивті білім беруге арналаған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындалып, жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы, функционалдық сауаттылық, қазіргі заманғы педагогикалық парадигмалар аясында біліктілікті көтеру курстары ұйымдастырылады.

Кафедра оқытушылары - ҚР БЖҒМ бекіткен жалпы білім беретін орта мектептер мен арнаулы орта, жоғары оқу орындарына арналған білім стандарттарының, типтік оқу бағдарламалары мен оқулықтардың, оқу құралдарының авторлары.

Кафедра жанында «Сөзтаным» ғылыми-танымдық клубы, «Тіл - таным» ғылыми үйірмесі, «Ұмай» мәдени-танымдық клубы, «Filard» жастар өнер театры, Сәкен Сейфуллин атындағы әдеби шығармашылық өнер бірлестігі, Қажым Жұмалиев атындағы ғылыми үйірме жұмыс жасайды.

Кафедра халықаралық байланыста Түркия Республикасының Фырат университеті, Стамбул университеті, Мармара университеті, Еге университеті, Қыршекер университетімен, Қытай Халық Республикасының Бейжін ұлттық орталық университетімен, Қырғызстан Республикасының Қырғыз-Түрік Манас университетімен, Өзбекстан Республикасының Шыршық мемлекеттік педагогикалық институтымен, Корей Республикасының Хангук университетімен, Польша Республикасының А.Мицкеевич атындағы Познань университетімен тығыз қарым-қатынас орнатқан.

Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұжымы А.Байтұрсынұлынан бастау алған ұлы жолды жалғастырып, Қазақ ғылымы мен білімінің дамуы жолында аянбай еңбек етеді.

Бүгінгі таңда кафедра ұжымы аға буын негізін қалаған ғылыми, оқу-әдістемелік жұмыстарды абыроймен жалғастырып келеді. Қазіргі кезде кафедра құрамында 14 ғылым докторы, 11 профессор, 4 доцент, 22 ғылым кандидаты, 2 PhD мен білікті аға оқытушылар қызмет етеді.